

А.Б. Акимханов¹, Г.Қ. Купешова¹¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
Алматы, Қазақстан

ИМАН ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ РАЦИОНАЛДЫ НЕГІЗДЕЛУІ: ШИҒАБУДДИН МӘРЖӘНИ КӨЗҚАРАСЫ АЯСЫНДА

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақалада ислам ақидасындағы иман ұғымы Ханафи–Матуриди теологиялық дәстүрі аясында қарастырылады. Зерттеудің негізгі нысаны – XIX ғасырдағы көрнекті мұсылман ғалымы әрі реформатор ойшыл Шиһабуддин әл-Мәржәнидің (1818–1889) иман мәселесіне қатысты көзқарастары. Мақалада иманның анықтамасы, оның жүрекпен бекітілуі, амалмен арақатынасы, сондай-ақ тақлид арқылы иман келтіру мәселесі жан-жақты талданады. Мәржәнидің иманды таныммен (мағрифат), ақылмен және дәлелмен байланыстыра түсіндіру әдісі матуридилік ақида жүйесімен салыстырмалы түрде зерттеледі. Сонымен қатар ойшылдың діни танымдағы жаңашыл ұстанымдарының қазіргі мұсылман қоғамындағы діни сана, радикализм мен тақфиризмнің алдын алу тұрғысындағы маңызы айқындалады. Мақаланың мақсаты–иман ұғымын жан-жақты зерттеп, иман ақиқатын терең түсіндіру. Күнімізде дау тудырып жүрген күпірлік, дін мен ғылым тақырыптары ашылып, классикалық әдебиеттер желісінде заманауи көзқараста зерттеледі. Сонымен қатар, «жәдидшілдік» деп танылған құбылыс пен «жәдидшіл» аталған Мәржәнидің діни тұлғасы мен Матуриди мектебінің арақатынасы айқындалады. Зерттеу барысында классикалық ислам дереккөздерінен зерттеулер кеңінен пайдаланылды. Мақаланың ғылыми нәтижелері Мәржәни мұрасының матуридилік ақиданы жаңғыртудағы және ақылға негізделген иман түсінігін қалыптастырудағы ерекше рөлін көрсетеді. Мақала дін философиясы, исламтану және теология саласында зерттеу жүргізетін мамандар мен зерттеушілерге арналған.

Түйін сөздер: иман, матуридилік ақида, күпірлік, Шиһабуддин әл-Мәржәни, тақлид, жәдидшілдік.

А. Б. Акимханов¹, Г. Қ. Купешова¹
¹الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور-مبارك
 الماطي، كازاخستان

مفهوم الإيمان وتأسيسه العقلائي: في ضوء آراء إمام شهاب الدين المرجاني

الملخص:

تتناول هذه المقالة العلمية مفهوم الإيمان في العقيدة الإسلامية في إطار التقليد الكلامي الحنفي – الماتريدي. وترتكز الدراسة على آراء العالم المسلم والمفكر الإصلاحي البارز في القرن التاسع عشر شهاب الدين المرجاني

(1818–1889) في مسألة الإيمان. وتبحث المقالة تعريف الإيمان، وتحققه بالقلب، وعلاقته بالعمل، وكذلك مسألة الإيمان القائم على التقليد (التقليد). كما تُحلل منهجية المرْجاني في ربط الإيمان بالمعرفة (المعرفة)، والعقل، والدليل، وذلك في إطار دراسة مقارنة مع منظومة العقيدة الماتريدية. إضافةً إلى ذلك، تُبيّن أهمية مواقفه التجديدية في مجال المعرفة الدينية في سياق الواقع المعاصر للمجتمعات المسلمة، ولا سيما من حيث دورها في ترشيد الوعي الديني والوقاية من ظاهرتي التطرّف والتكفير. وتهدف المقالة إلى دراسة مفهوم الإيمان دراسة شاملة، والكشف عن حقيقته وفهمه فهماً عميقاً. كما تتناول القضايا الجدلية المعاصرة المتعلقة بالكفر، وبالعلاقة بين الدين والعلم، من منظور معاصر مستند إلى المصادر الكلاسيكية. وتسلط الدراسة الضوء كذلك على ظاهرة «الجددية» (الجددية) وعلى شخصية المرْجاني بوصفه مفكراً جديداً، مع بيان علاقته بمدرسة الماتريدي. وقد استُخدمت في البحث على نطاق واسع المصادر الكلاسيكية الإسلامية. وتُظهر النتائج العلمية للمقالة الدور المميّز لتراث المرْجاني في إحياء العقيدة الماتريدية وفي ترسيخ مفهوم الإيمان القائم على العقل. وتوجّه هذه المقالة إلى المتخصصين والباحثين في مجالات فلسفة الدين، والدراسات الإسلامية، وعلم الكلام. الكلمات المفتاحية: الإيمان، العقيدة الماتريدية، الكفر، شهاب الدين المرْجاني، التقليد، الجديديّة.

A.B. Akimkhanov¹, G.K. Kupeshova¹

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak
Almaty, Kazakhstan

THE CONCEPT OF FAITH AND ITS RATIONAL FOUNDATION: IN THE CONTEXT OF SHIHABUDDIN AL-MARJANI'S VIEWS

Abstract

This scholarly article examines the concept of faith (iman) in Islamic theology within the framework of the Hanafi–Maturidi tradition. The main focus of the study is the views of the prominent nineteenth-century Muslim scholar and reformist thinker Shihabuddin al-Marjani (1818–1889) on the issue of iman. The article provides a comprehensive analysis of the definition of faith, its affirmation in the heart, the relationship between faith and deeds, as well as the question of faith based on imitation (taqlīd). Al-Marjani's approach to understanding iman—linking faith with knowledge (ma'rifa), reason, and rational proof—is examined comparatively within the Maturidi theological system. Furthermore, the significance of the thinker's reformist religious views for shaping religious consciousness in contemporary Muslim society, as well as for preventing radicalism and takfirism, is highlighted. The aim of the article is to conduct a comprehensive study of the concept of iman and to provide a profound scholarly interpretation of its essence. The study addresses contemporary debates on disbelief, as well as the relationship between religion and science, through a modern analytical lens grounded in classical Islamic sources. In addition, the article clarifies the relationship between the phenomenon known as «Jadidism» and al-Marjani's religious identity within the Maturidi school. Classical Islamic sources are extensively employed throughout the research. The findings demonstrate the significant role of al-Marjani's intellectual legacy in revitalizing Maturidi theology and in shaping a rationally grounded understanding of faith.

Keywords: iman, Maturidi theology, disbelief, Shihabuddin al-Marjani, taqlīd, Jadidism.

А.Б.Акимханов¹, Г.К.Купешова¹
¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
 Алматы, Казахстан

ПОНЯТИЕ ВЕРЫ И ЕЁ РАЦИОНАЛЬНОЕ ОБОСНОВАНИЕ: В КОНТЕКСТЕ ВЗГЛЯДОВ ШИХАБУДДИНА АЛЬ-МАРДЖАНИ

Аннотация

В данной научной статье понятие веры (имана) в исламской догматике рассматривается в контексте ханафитско-матуридийской теологической традиции. Основным объектом исследования являются взгляды выдающегося мусульманского учёного и мыслителя-реформатора XIX века Шихабуддина аль-Марджани (1818–1889) по вопросам имана. В статье всесторонне анализируются определение веры, её утверждение в сердце, соотношение имана и деяний, а также проблема веры, основанной на подражании (таклид). Метод понимания имана у Марджани, связывающий веру с познанием (ма`рифат), разумом и рациональным доказательством, рассматривается в сравнении с матуридийской системой вероучения. Кроме того, раскрывается значение новаторских религиозно-теологических взглядов мыслителя для формирования религиозного сознания в современном мусульманском обществе, а также в контексте предупреждения радикализма и такфиризма. Цель статьи заключается в комплексном исследовании понятия имана и глубоком научном осмыслении его сущности. В работе рассматриваются актуальные вопросы веры и неверия, а также соотношения религии и науки, анализируемые на основе классического исламского наследия в свете современных подходов. Наряду с этим выявляется взаимосвязь между феноменом «джадидизма» и религиозной личностью Шихабуддина аль-Марджани, а также его принадлежностью к матуридийской школе. В ходе исследования широко использованы классические источники исламской традиции. Научные результаты статьи демонстрируют особую роль наследия Марджани в обновлении матуридийского вероучения и формировании рационально обоснованного понимания имана.

Ключевые слова: вера, матуридийская ақида, неверие, Шихабуддин аль-Марджани, таклид, джадидизм.

Кіріспе

Бұл мақалада иман ұғымының жалпы теориялық негіздері қарастырылып, классикалық сенім мектептеріндегі (әсіресе Матуриди ақида-сындағы) орны мен ролі талданады. Сонымен қатар татар ғұламасы Шихабуддин Мәржәнидің еңбектеріне сүйене отырып, оның иман жайлы ұстанымы талқыланады. Мақала Мәржәнидің дәстүрлі ислам негіздерінен

алыстамай, білім мен ақыл үйлесіміне сүйене отырып жасаған талдауын саралауды көздейді.

Иман ұғымы ислам дінінің негізін құрайтын басты шарт болып табылады. Ислам теологиясында иман тек сенім ретінде ғана емес, адамның танымдық, этикалық және рухани болмысымен тығыз байланысты ұғым ретінде қарастырылады. Хижра жыл санауы бойынша I ғасырдан бастап

иман ақиқаты тақырыбы қозғалып, мұсылмандар арасында түрлі пікірталастар орын алды. Ислам әлемінде кең таралған «хақиқат әл-иман» тақырыбы әлі күнге дейін өзекті. «Иман» сөзінің ұғымын дұрыс пайымдау өз кезегінде бейбітшілікке үлкен себеп. Себебі ең алғаш мұсылмандар арасындағы бөлінушілік пен дау «үлкен күнә жасаушының үкімі қалай болады» деген сұрақтың аясында орын алған. Амал мен иман бір деген ұғымды алдыға тартып, мұсылмандарды екіге бөлген харижи ағымынан басталған бұл тақырып кейін кеңейіп күнімізге дейін «иман мен амал арақатынасы» мәселесі мұсылмандар арасында сегіз бағыттың пайда болуына себеп болды. Қазіргі таңда мұсылмандарға қатысты соқыр сенім жаласы жиі танылып, ислам мен ғылымды бөліп қарау жиі кездесетін проблема. Мақаламызда негізінде иман соқыр еруден ғана тұрмайтындығын ашықтап жазуды жөн көрдік. Сондай-ақ мұсылмандар арасындағы күпірлік айыбы да осы иман ұғымына тікелей байланысты.

Кәләмшылардың сенімнің болмысы мен мазмұны туралы көзқарастары әртүрлі. Бұл көзқарастарды төмендегідей санауға болады.

А. Иман – жүректің растауы. Әшғари мен Матуриди сенім жүйесі бойынша: иман – сену керек нәрсені жүректің растауы. Имам Матуриди (944), Әшғари (936), Бәкиләни (1013), Жуәйни (1085), Ғазали (1111), Шахри-стани (1153) сияқты сүннит ғалымдары осындай пікірде. Осы ғалымдармен бірдей пікірде болған Мәржәни кейбір аяттарды (әл- Мужадала, 58/22; Нахл, 16/106; әл- Маида, 5/41; әл- Хужурат,

49/14) және (Ахмет б. Ханбал, II, 4; IV, 439, Бухари, «Иман», 15; Муслим, «Иман», 41, 82, Әбу Дәуіт, «Жиһад», 95) (Мәржәни, 1888: 69) хадистерді келтіріп, иман жүректің растауынан тұрады деген пікірге келіскен. «Жумһур-у мухаққиқин» деп аталған бұл ғалымдардың пікірінше, иманның жалғыз тірегі – жүрекпен растау. Мәржәни де бұл мәселеде осы ойлармен қосылған.

Ә. Иман – жүректің жұмысы. Матуриди мен Муғтазилә ғалымдары иманның растаудан емес, тапқырлықтан тұратынын алға тартқан жәһмия жамағатын сынға алды. Өйткені олардың пікірінше, тапқырлықтың қарама- қарсысы надандық, ал иманның қарама- қайшысы теріске шығару. Имам Матуриди иман үшін тапқырлық емес, жүрекпен жүзеге асырылатын растау жеткілікті екендігін айтқан. Тағы да Имам Матуриди бір нәрсені білмеген адамның оны теріске шығаруы мүмкін емес және оны білетін әрбір адам оны мақұлдауы мүмкін емес, бірақ надандық адасуға және таным туралықты табуға әкелетін себептердің бірі екенін айтқан (Матуриди, 495-496). Мәржәни Имамияның да сенімнің жүректің тапқырлығынан тұратынын атап өтіп, өз көзқарасын Мауруди сенім мектебіне негіздейтінін білдірген (Мәржәни, 1888. 69).

Б. Иман – тілдің мойындауы: Муржия және Каррабийя тобына жататындар жүрек разылығынсыз тілмен мойындауды жеткілікті деп санады. Имам Мәржәни осы көзқарасты ұстанатындар үшін бұл пікірдің дұрыс еместігіне дәлел ретінде кейбір аят-

тарды (әл- Бақара, 2/8; әл-Мунафиқун, 63/1) келтірді (Мәржәни (1888: 69).

В. Иман – жүрекпен растау, тілмен мойындау. Имам Әбу Ханифа (767 ж.т.), әл- Бәздауи (1089 ж.т.), Сарахси (1097 ж.т.) сияқты ғұламалар және ханафи фиқиһтары иманды жүрекпен растаумен бірге тілмен мойындау деген көзқарас келтірген. Мәржәни имам Нәсәфидің иман үшін растауды ғана жеткілікті демейтінін және бұл пікірдегі ғалымдар тарапында Бәздәуи мен Сарахси және олардың соңынан ергендер үшін иман үшін растаумен қатар, тілмен мойындаудың да қажет екенін айтқан (Мәржәни, 1888: 69). Имам Матурудидің де имам Әбу Ханифаның да пікірінше иман етуде Алланың алдында адамның жүрекпен бекітуі жеткілікті, ал мұсылмандық шарттарды орындауда және шариғи шарттарда оны тілмен айтып мойындау қажеттігін айтқан.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде ислам ақидасындағы иман ұғымын және оның рационалдық негізделуін талдау мақсатында бірқатар ғылыми әдістер қолданылды. Зерттеу әдіснамасы классикалық исламдық қалам дәстүрі мен қазіргі дін философиясының теориялық ұстанымдарына негізделді. Алдымен, теориялық талдау әдісі қолданылып, иман ұғымына қатысты Ханафи–Матуриди ақида мектебінде қалыптасқан негізгі түсініктер жүйеленді. Бұл әдіс арқылы иманның мәні, оның жүрекпен бекітілуі (тасдиқ), ақыл мен нақыл арасындағы қатынасы анықталды. Сонымен қатар зерттеуде:

Мәтіндік талдау (текстологиялық әдіс) – Матуриди сенім мектебі мәтіндеріндегі сенім мәселесін герменевтикалық әдіс негізінде саралау; Салыстырмалы әдіс – Матуриди ақидасын өзге сенім мектептерінің (әшғари, мұғтазила) және деструктивті діни топтардың (харижилер, хашуиялар, сәләфи-уаһхабилер) сенімдік көзқарастарымен салыстыру арқылы ерекшеліктері мен айырмашылықтарын анықтау; Интерпретациялық әдіс – ақидалық терминдер мен ұғымдардың қазіргі контексте түсіндірмелерін ұсыну; Экзегетикалық әдіс – аят, хадистер мен ғалымдардың сөздерін мән-мазмұнына қарай ашықтап, талдау әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

«Иман» (إيمان) сөзінің этимологиясы: «Имән» (إيمان) сөзі араб тіліндегі «ә-м-н» (أمن) түбірінен шығады. Осы түбірден шығатын «әл-әмн» (أمن) немесе «әл-әмән» (أمان) сөздері – «амандық, қауіпсіздік, үрей мен қорқыныштан аман болу» деген мағыналарды білдірсе, «әл-әмәнә» (أمانة) сөзі «сенімді, адал, шыншыл болу, аманат» деген мағыналарды білдіреді. Ал аталмыш «ә-м-н» (أمن) түбір сөзі (أفعل) формасына түскенде, алдымен (إيمان) сөзі, содан соң араб тілінің морфологиялық заңдылығына сай дауысты «һамза» (ء) әріпінен кейінгі дауыссыз «һамза» (ء) әріпінің «йәй» әріпіне өзгеруі нәтижесінде «имән» (إيمان) сөзі шығады. Араб тілінің морфологиялық заңдылығы бойынша түбір сөз әртүрлі формаға түскенде, сыртқы формасымен бірге мән-

мағынасы да түрленеді. Сондықтан, тақырыбымызға арқау болған осы «имән» (إيمان) сөзінің тілдік мағынасы «тасдик» (تصديق), яғни «(біреудің сөзін, ұсынысын) шын санау, растау, мақұлдау» деген мағыналарды білдіреді. Осыған орай, имам Матуриди былай деген: «Иман» сөзі «тасдик» (яғни, шын санау/растау/мақұлдау) дегенді білдіреді. Біздің көзқарасымыз бойынша, «иман» – жүрекпен растау/мақұлдау (тасдик) дегенді білдіреді. Мұның дәлелі барлық тәпсірші ғалымдар мен тіл білгірлерінің Құрандағы барлық (آمَنُوا) (олар иман келтірді) деген сөздің бәрін (صدقوا) «олар растады/мақұлдады» деп тәпсірлеуі». Имам Матуриди «Иман» сөзіне берген осы анықтамасында негізінен тілдік мағынасын тілге тиек еткен [1,292 б.].

Иман ұғымы Құран мен сүннетте ислам дінінің негізгі өзегі. Құран Кәрімде иман адамның Алламен байланысын айқындайтын басты өлшем ретінде көрсетіліп, мұсылмандық болмыстың басты көрінісі ретінде сипатталады. «Иман келтіргендер» (الَّذِينَ آمَنُوا) тіркесі Құранда жиі қолданылып (4:57; 3:57; 4:144; 5:9; 5:54 т.б....), шыннайы мүміннің сипаттары, міндеттері осы ұғыммен тығыз байланыстырылып беріледі.

Құран аяттарында иман, ең алдымен, жүрекпен қабылданатын сенім ретінде түсіндіріледі. Алла Тағала Құранда: «Иман олардың жүректеріне тасқа қашалғандай жазылды» (58:22) деп, иманның адамның ішкі дүниесіне, рухани болмысына қатысты екенін білдіреді. Сонымен қатар Құранда иман ақылға қарсы

қойылмайды, керісінше, ойлануға, зерделеуге және ақиқатты тануға шақырумен қатар беріледі. Құранда: «Біз саған осынау мүбәрак Кітапты (күллі саналы жаратылыс) оның аяттарына терең ой жүгіртсін және ақыл иелері одан үлгі-өнеге һәм ғибрат алсын деп түсірдік» (38:29) аятында Құранның мақсатын адамзатты ойлануға, ақылға, туралыққа бағыттау деп баяндаған. Бұл иманның саналы әрі дәлелге негізделген қасиет екенін көрсетеді.

Сүннетте де иман ұғымы кең мағынада қарастырылады. Жәбірейіл хадисінде иманды Аллаға, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне және тағдырға сену ретінде анықтайды (Муслим: 2011, 36). Бұл хадис иманның мазмұнын айқындап, оның сенімдік негіздерін нақтылап береді.

Құран мен хадистерде иман мен амалдың өзара байланысы да назардан тыс қалмайды. Құранда иман келтіріп, ізгі амал жасағандар туралы бірге айтылатын аяттар көп кездеседі. Алайда бұл амалдың иманның мәнін анықтаушы бөлігі екенін емес, иманның нәтижесі мен көрінісі екенін білдіреді. Осы тұрғыда Ханафи-Матуридилік сенім мектебі Құран мен сүннеттегі деректерге сүйене отырып, иманды жүрекпен бекітілген сенім деп тұжырымдайды. Ал өзге үш мәзһабтың негізін қалаған Имам Мәлик, Имам Шәфиғи және Имам Ахметтің және жалпы әһлі хадис мектебінің көзқарасы бойынша иманның түпкі мәні үш бірдей негізді, яғни жүрекпен сену, иман сөзін айту және діндегі міндетті амалдар-

ды орындауды камтиды. Мәлики, Шафиғи мәзһабтары, имам әл-Әузағи сынды екінші топ «Амал имандың мағынасына кіреді» деп қабыл етеді. Бұл көпшілік мутакаллимдер мен мухаддистерден, «Шархул мақасид», «Шархул ақайд» кітаптарынан жеткен хабар [2; 96 б.].

Міне сол себепті, Имам Ағзам өз заманында белең алып, мұсылмандар арасында үлкен бүлік тудырған осындай тәқфирлік құбылысқа қарсы жауап ретінде, «иман амал емес, амал да иман емес», деген мызғымас ұстанымын алға тартып, соны теологиялық тұрғыдан дәлелдеген [3; 75б.]. Сол үшін оған өзінің діни-идеялық оппоненттері тарапынан діни амалдарға немқұрайлы қарайтын «муржия» деген лайықсыз лақап тағылып, жөнсіз жала жабылған. Бұған Имам Ағзамның өзі «ар-Рисәлә» атты еңбегінде діни ғылыми тұрғыдан нақты жауап берген. Сондай-ақ Имам Ағзамның діни және ғылыми жолы өзіне тағылған «муржия» лақабының мүлдем орынсыз екенін іс жүзінде көрсеткен ең үлкен дәлел болды. Имам Ағзамның діни ілімін ұстанған қазақ халқының діни танымында мұсылманды парыз амалдар тұрғысынан бағалап, оларды орындамаған жағдайда күпірлікпен айыптау орын алмаған. Харижилер: «Діндегі парыз амалдарды орындамаған мүміндер кәпір болады», – деп үкім айтса, мұғтазилалар: «Ондай мүмін кәпір болмайды, бірақ иманынан айырылады, егер сол күйі дүниеден озса, кәпірлермен бірге мәңгі бақи тозаққа қалады», – деп үкім айтқан.

Ханафи-матуриди ғалымдарының ұстанымы бойынша, «иман»

мен «амал» арақатынасы – діндегі ғибадаттар мен игі істердің қабыл болуының басты шарты жүрек пен тілдегі иман екендігі тұрғысынан және діндегі намаз, ораза, зекет және қажылық сынды міндетті амалдардың парызығына иман келтіру тұрғысынан тұжырымдалады. Сондықтан да, діндегі парызығы кесімді болған амалдарға иман келтіру мұсылмандықтың басты шарттарының бірі болады (4; 817б.) Яғни, кезкелген парыз амалдың парызығын жоққа шығару күпірлік болады.

Имам Мәржәнидің пікірінше, иман – бір нәрсенің бар екеніне сенуден және соны тілмен мойындаудан тұрады. Бұл жайында ол: «Иман – Пайғамбар әкелген ақиқаттарды соқыр еліктеусіз, ақылмен ой жүгіртіп, дәлел арқылы жүреппен нық бекіту», – деп, иманды – тасдиқ (бекіту), назар (ойлану), истидләл (дәлелдеу) деп түсіндіреді [5; 69-70б.]. Ол иманға қатысты басқа топтардың толық көзқарастарын жазып, кейін матуриди ғалымдарының да пікірлерін келтіріп, иманның тасдиқ пен иқрар (мұсылмандығын бекіту үшін) екендігін де айтқан.

Сонымен қатар Мәржәни өз еңбегінде иманның артып, кему мәселесін де қарастырған. Бұл мәселеде иманның болмысы туралы пікірлердің әртүрлілігінен туындайтын әртүрлі пікірлер бар. Амалдарды иманның бір бөлігі және тірегі деп санайтын Мұғтазила, Зәйдия көзқарастары бойынша иман сапа және сан жағынан артып, азаяды. Әбу Ханифа иманның сенетін нәрселерге қарай көбейіп немесе азаймайтынын, бірақ жақындық

және растау тұрғысынан көбейіп немесе азаюы мүмкін екенін айтқан. Әллі сүннет ғалымдарының көпшілігі бұл мәселеге екі жақты қарап, иманның саны жағынан көбеймейді, сапасы жағынан азаяды деген пікірді қабылдап, көбейтпей немесе кемітпей «жақын» дәрежелерді күшті және әлсіз деп түсінген.

Мәржәни, (Әнфал, 8/2) аятын дәлел ретінде «Иман итағат арқылы артады (тазиид), жамандықпен азаяды (танкис) деп дәлел ретінде көрсеткен. Ол риуаят бар екенін айтып, ондағы көбеюді түсіндіре отырып, Әбу Ханифамен осыған ұқсас түсіндіруді ұстанған (6; 281б.). Мәржәни бұл аяттаға көбеюді иманның жүрекке әсерінен күш пен импульстің, денемиканың артуы деп түсінуге болатынын айтты» [5: 71б.].

Ш.Мәржәнидің сенім жүйесіне негіздерген ақида саласына қатысты «Хикматул балиға» еңбегінде «иман» мәселесінде Матуруді мектебінің сенім жүйесіне қарсы келетін, яғни иман мәселесіне қатысты ақидалық жаңашыл көзқарас жоқ. Бұл тақырып аясында имам Мәржәни өзінің Матуруді сенім мектебін қолдайтынын анық көрсетіп өз сөздерін әр түрлі матуруді мектебіндегі еңбектермен қуаттағанын байқауға болады.

Мәржәни өз еңбегінде: «Иманның өзі тұрғысынан қарағанда, онда арту да, кему де болмайды. Ал оның көрінісі мен жемісі тұрғысынан алғанда, иман күшейіп немесе әлсіреуі мүмкін. Бұл – иманның хақиқаты жөніндегі біздің ұстанымымыз. Әшғари және өзге де ғалымдар да осы пікірде: «Иман артпайды да, кемімейді» деген. Алайда

кейбіреулер: «Иман өз ішінде артады» деп есептеген. Бұл көзқарас иманды күш-қуат пен әлсіздік тұрғысынан бағалауға негізделген. Ал біз айтамыз: Бұл арту мен кему – иманның өзіне емес, оның белгілеріне, сипаттарына және нәтижелеріне қатысты. Өйткені иманның негізі – жүрекпен бекіту (тасдиқ), ал тасдиқтың өзі бөлшектенуді де, дәрежеленуді де қабылдамайды. Егер бір нәрсе өзінің түп негізі жағынан бөлінбейтін болса, онда ол арту мен кемуді де қабылдамайды. Арту мен кему тек туынды сипаттар мен амалдарға тән. Сондықтан иманның артуы деп айтылған нәрсе – оның әсерінің күшеюі, жүректе орнығуы, күмәннің азаюы және нәпсіге үстемдік етуі болып табылады. Бұл – әллі сүннет көзқарасы. Ал харижилер мен мұғтәзилер иманды амалмен өлшеп, үлкен күнә жасаған адамды иманнан шығарады. Біз үшін дұрыс жол – иманды оның шынайы хақиқаты бойынша бағалау, ал амалды – иманның кемелдігі мен көрінісі деп тану. Өйткені адамда иман бар бола тұра, әлсіздік немесе нәпсіге еру себебімен кейбір амалдарды орындамауы мүмкін. Бұл жағдайда иман жойылмайды, тек оның нұры мен әсері әлсірейді. Әшғарилердің көпшілігі: «Иманның артуы – жүректегі сенімнің күшеюі» деп есептеген. Олар иман артқан сайын, жәннатқа кіру мүмкіндігі де артады деп ойлаған. Алайда бұл пікірде дәлдік жоқ. Себебі жәннатқа кіру – иманның бар болуына байланысты, ал артықшылық пен дәрежелер – амалға байланысты. Алла Тағала: «Аллаға және Оның Елшісіне иман келтірген-

дер» деп айтқанда, иманның өзін шарт етіп қойды. Ал иманнан кейін келетін сауап пен дәрежелер – басқа дәлелдер арқылы бекітіледі», – деп иманның артуы мен кему мәселесін түсіндіреді [5: 71-72б.].

Иманның артып кемуі ғасырлар бойы мұсылмандар арасында пікір алуандығын тудырған тақырыптардың бірі. Оған қатысты имам Әбу Ханифа: «Иман амалдан бөлек болғандықтан, артып-кемімейді. Өйткені, иманның артуы тек күпірдің кемуімен, иманның кемуі де тек күпірдің артуымен жүзеге асады. Бір кісінің бір уақытта әрі мүмин әрі кәпір болуы мүмкін емес, бұл қате түсінік», – дейді [7; 9б.].

Алғаш кәләм еңбектері жазылып бастағаннан бері иман тақырыбы аясында иманның тақлиди, истилдәли, тахқиқи болып үш түрлі дәрежеге бөлінетіндігі баяндалып келеді. Мутәкәллим ғалымдардың ұстанымы бойынша, әрбір саналы мұсылманға ең төменгі деңгейдегі тақлиди иманнан жоқ дегенде, «ижмәли» дәлелге негізделген «истилдәли» иман деңгейіне көтерілу міндетті болады. Мұсылмандар арасында пікірталастарға себеп болған иман «тақлиди» иман – дәлел-дәйексіз, білімсіз құры еліктеушінің иманы. Ондай иман иесінен не үшін мұсылмансың, деп сұралса, ата-анам, ата-бабам мұсылман дегеннен басқа айтар жауабы да, дәлел-дәйегі де болмайды. Сондықтан ондай иманға әркез қауіп төніп тұрады, кезкелген уақытта күмән ұялауы мүмкін. Сондықтан да, ғалымдарымыз дін-иманның негіздері мен дәлелдерін үйренбей, білмей өмір бойы «тақлиди»

иманмен жүрген мұсылман күнәһар болады деген. Дегенмен, жалпы әһлі сүннет ғалымдары тақлиди иманның қабыл болатындығына бір ауыздан келіскен [8: 36–38]. Бірақ оның қабыл болуының бір шарты бар. Ол – «тақлид» табанды болу керек деген шарт. Егер «тақлиди» иманда табандылық болмаса, ондай солқылдақ, күмәншіл иман қабыл болмайды.

Тақлиди иман жайында Ш. Мәржәни: «Шындыққа соқыр ілесу жараспайды; Хикметті адам Алланың бар және жалғыз екеніне дәлел келтіре алатын адам», – деп, тақлиди иманды тәуекелді, әлсіз иман деп сипаттайды [9; 27б.].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Ш. Мәржәнидің осы тұста жәдидшіл деп аталуын дұрыс деп таппағанымызды алға шығаруды жөн көрдік. Араб тілінен енген «жәдид» сөзі бұрын болмаған, жаңа бір көзқарас шығару болғанымен, Мәржәнидің дінге қатысты еңбектеріне талдау жасай келе біз оның ақидада Матуриди мектебін толық ұстанғандығын, ал фикһта Ханафи мәзһабын ұстанушы екеніне анық көз жеткіздік. Осыған орай, біз Мәржәни өз уақытында матуруди сенімді мектебін қайта жандандырып, өзін реформатор ретінде көрсеткенін байқауға болады. Ш. Мәржәнидің ақида саласында айтқан барлық ойлары одан алдын да матуруди ғалымдары айтқан ойлар екені анық байқалады. Имам Мәржәни – пікірталаста өте мықты, ойшыл, терең түсінікті, шешен тілді, әрі логика мен дәлелге сүйенетін ғалым. Өз кезегінде жаратылыстану

ғылымдары мен діни ілімдерді топтастыру арқылы дін мен ғылымды ақиқат жолында тең ұстауды қалыптастырған тұлға.

Бұл зерттеуде Шиһабуддин Мәржәнидің иман түсінігі және оны рационалды тұрғыдан негіздеу әдісі Матуриди–Ханафи ақидасы аясында талданды. Зерттеу нәтижелері Мәржәнидің иманды соқыр сенім ретінде емес, ақылмен танылып, дәлел арқылы жүрепкеп бекітілетін саналы сенім деп қарастырғанын көрсетті. Ол иманның мәнін жүректегі тасдиқпен шектеп, амалды оның құрамдас бөлігі емес, иманның жемісі мен кемелдену көрсеткіші ретінде бағалады. Бұл ұстаным үлкен күнә жасаған мұсылманды күпірлікке шығармайтын, діни төзімділікке негізделген көзқарасты қалыптастырады.

Мәржәни өз пікірталастарында надандық пен фанатизмнен аулақ бо-

лып, қарсыласының сөзін толық қабылдап, кейін ғылыми дәлелдермен жауап қайтарған. Мақаламызда көрсеткен «хикмату бәлиғә» еңбегіндегі жауаптары оның осы сипатына дәлел. Қандайда бір тақырыпқа өз ойын білдерер алдын жан-жақты зерттеп, басқа да пікірлерді толық беріп, кейіннен өз ойын ұсынады. Оның мақсаты жеңу емес, шындықты табу және мұсылман әлемін жалған сенуден ояту болғандығы өз еңбектерінде айқын көрініс табады. Мақалада Маржаниді негіз етуіміз – күніміздегі кей діни мәселелерде классикалық еңбектерге сүйене отырып мәселенің жаңа шешімін іздеуге үндеу. Мақалада ақида ілімінің бастапқы мәселесі саналатын иман бөлімін қарастыру арқылы, ғалымды таныстырып, кейіннен жаңашыл көзқарастағы ғалымдарды зерттеушілерге сеп болу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әкімханов А.Б. Әбу Мансур әл-Матуриди және оның «иман» мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары, Алматы, Нұр-Мұбарак баспасы, 2019 жыл, 292 бет.
2. Мулла Али Қари. (2020). Дауул мағали ли бәдил әмәли. – Каир: «Дәру лубәб». – 99
3. Әкмалуддин Мухаммед Әл-Бәбәрти әл-Ханафи (2009). Шарху Уасыяти Әби Ханифа. – Каир, «Дарул фатх». –155.
4. Әбу-л-Муғин ән-Нәсафи. (2011). Табсиратул әдиллә. – Каир: «әл-Мактабатул Азһария лит турос». – 2/1011.
5. Шиһабуддин Мәржәни., Хикматул балига әл-жәнния фи шарх әл-акаид әл-ханафийа. –Типография Вячеслава, 1888 – 168 б.
6. Ат-Тафтазани. Шархул Ақайд ән-Нәсафия. – Каир, 1939.
7. Имам Ағзам Әбу Ханифа., Фикһ әл-әкбәр., ауд: Саид М. Тарази. дай:Д. Серікбайұлы. – Алматы, 2000.
8. Сирожиддин әл-Ғазнауи (2009). Шарху ақидатул имам әт-Тахауи. – Каир: «Дарат әл-караз». – 202.
9. Ибраһим Рашид әл-Мәражи., аль-Хикма аль-балига аль-жәнния фи шарх әл-акаид аль-ханафийа. – Бейрут: «дәрул мәликия». – 2024. – 559б.

10. Имам Муслим., Сахих Муслим. – Рияд: «бәйт әл-әфкәр әд-дәулия ли ән-нәшр уәттәузиг». – 2011. 1473 б.

REFERENCES

1. Akimhanov A.B., Abu Mansur al-Maturidi zhane onni «iman» maselelerine qatysty gylymi tujyrymdary, Almaty, Nur-Mübarak baspasy, 2019, 292.
2. Mulla Ali al-Qari. (2020). Daw' al-Ma'ali li-Bad' al-Amāl. Cairo: Dar al-Lubab. 99 p.
3. Akmal al-Din Muhammad al-Babarti al-Hanafi. (2009). Sharh Wasīyyat Abi Hanīfa. Cairo: Dar al-Fath. 155 p.
4. Abu al-Mu'in al-Nasafi. (2011). Tabsirat al-Adilla. Cairo: Al-Maktaba al-Azhariyya li al-Turath, vol. 2, p. 1011.
5. Shihabuddin al-Marjani. (1888). Al-Ḥikma al-Bāligha al-Janniyya fi Sharh al-'Aqā'id al-Hanafīyya. Kazan: Vyacheslav Typography. 168 p.
6. At-Taftazani. (1939). Sharh al-'Aqā'id al-Nasafīyya. Cairo.
7. Abu Hanifa al-Nu'man (Imam A'zam). (2000). Al-Fiqh al-Akbar. Translated by Sa'id M. Tarazi; edited by D. Serikbayuly. Almaty.
8. Siraj al-Din al-Ghaznawi. (2009). Sharh 'Aqīdat al-Imam al-Ṭahawī. Cairo: Darat al-Karaz. 202 p.
9. Ibrahim Rashid al-Maraji. (2024). Al-Ḥikma al-Baligha al-Janniyya fi Sharh al-'Aqā'id al-Hanafīyya. Beirut: Dar al-Malikiyya. 559 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Акимханов Аскар Болатбекович – PhD, қауымд. профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің аға оқытушысы, (Алматы, Қазақстан, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1835-0597>).

Купешова Гүлнұр Қуанышқызы – PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің оқытушысы, (Алматы, Қазақстан, e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7487-8324>).

معلومات عن المؤلفين:

أكیمخانوف أسكار – حاصل علی درجة الدكتوراه (PhD)، أستاذ مشارك، محاضر أول في جامعة نور-مبارك المصرية للثقافة الإسلامية، (ألماطي، كازاخستان. e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1835-0597>).

كوبيشوفا غولنور قوانيشقىزي – طالبة دكتوراه (PhD)، محاضرة في جامعة نور-مبارك المصرية للثقافة الإسلامية، (ألماطي، كازاخستان، e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7487-8324>).

Information about authors:

Akimhanov Askar – PhD, Associate Professor, Senior Lecturer at the Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1835-0597>).

Kupeshova Gulnur – PhD doctoral student, Lecturer at the Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7487-8324>).

Информация об авторах:

Акимханов Аскар Болатбекович – PhD, ассоциированный профессор, старший преподаватель Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, (Алматы, Казахстан, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1835-0597>).

Купешова Гульнур Куаньшыкызы – докторант PhD, преподаватель Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, (Алматы, Казахстан, e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7487-8324>).